



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 14 мамыр

2018 жылғы 5 мамырдан 11 мамыр аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу¹

11 мамырдағы сауда-саттық қорытындылары бойынша **теңгенің нарықтық бағамы** бір аптаның ішінде 0,7%-ға (328,85-тен) нығайып, бір АҚШ доллары үшін 326,4 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюталық нарық тұрғысынан 2018 жылғы 5 мамырдан 11 мамыр аралығындағы маңызды оқиғалар Англия Банкінің қолайлы ақша-кредит саясатын сақтап тұру, Англия Банкінің төрағасы Марк Карнидің инфляцияға және монетарлық саясатқа қатысты түсініктемелері, АҚШ-тағы инфляцияның өсуі бойынша экономикалық деректерді жариялау, Иран мен Израиль арасындағы әскери қақтығысқа және АҚШ президенті Д.Трампының Иранмен ядролық бағдарлама бойынша келісімнен шығуы туралы мәлімдемесіне байланысты геосаяси тәуекелдің ұшығуы болды. Осы факторлар АҚШ-тың мемлекеттік бағалы қағаздарының кірістілігі деңгейінің ұлғаюымен қатар, әлемдік нарықтарда АҚШ доллары бағамының біршама құбылмалығына әкелді.

Дамушы елдердің валюта бағамдарының² АҚШ долларына қарағанда серпіні мынадай түрде қалыптасты:

- **Түрік лирасы** 2,1%-ға (4,23-тен 4,32-ге дейін) әлсіреді. Валюта апта басынан бастап әлсіреуін бастады, алайда Түркияның Президенті Р.Т.Эрдоғанның ұлттық валютаның ағымдағы құны іргелі факторларды ашып көрсетпейтіні, сондай-ақ Түркияның Орталық банкі басшылығының жоспардан тыс кездесулерінен кейін бағаны тұрақтандыру үшін ықтимал интервенциялар туралы болған алыпсатарлықтар әлсіреуді тоқтата тұрды.

- **Бразилия реалы** Бразилияның Орталық Банкінің төрағасы Илан Голдфайннің 6,5%-дық нысаналы инфляцияға жетуге қатысты түсініктемесінен кейін реттеушінің базалық мөлшерлемені төмендетуі арқылы монетарлық саясаттың ықтимал жұмсаруы туралы алыпсатарлық аясында 2,0%-ға (3,53-ке 3,60-қа дейін) әлсіреді;

- **Мексика песосы** 0,8%-ға (19,27-ден 19,42-ге дейін) әлсіреді;

- **Үндістан рупиясы** 0,7%-ға (66,87-ден 67,33-ке дейін) әлсіреді;

- **Индонезия рупиясы** бір апта бойы бір АҚШ доллары үшін 113 945-13 960 деңгейдегі шектерде айтарлықтай өзгеріссіз саудаланды;

¹ шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ашық дереккөздердің негізінде апта сайын дайындайды

² АҚШ долларына қарағанда көлемі жағынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары.

• **Ресей рублі** әлемдік нарықтарда мұнай құнының өсуі есебінен 0,8%-ға (62,46-дан 61,93-ке дейін) нығайды.

• **Оңтүстік Африка рэнді** өткен аптаның шығындарын қалпына келтіріп, 1,9%-ға (12,50-ден 12,26-ға дейін) нығайды.



Толығырақ ақпаратты төмендегі телефон арқылы алуға болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz